

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» Ке.АҚ



«БЕКІТЕМІН»

Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің
Басқарма төрағасы- Ректор
_____ Л.Ч.Карабасова

«___» _____ 2025 ж.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Ақтөбе, 2025 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің директоры  З.Т. Нугаева

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («29» 09 2025ж. хаттама № 2) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма төрағасы- Ректорымен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының ресми рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Ғылыми-зерттеу қызметі департаменті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның қызметі университеттің ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіруді ұйымдастыруға және оның нәтижелілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2 Өз қызметінде Ғылыми-зерттеу қызметі департаменті 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын; 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-ІV «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңын; Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 210 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығын «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру қағидаларын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы»; ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін; ҚР МЖМБС 5.03.011-2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»; ҚР білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін; 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын (өзгерістерімен және толықтыруларымен); 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын; АРУ Жарғысын, Ғылыми кеңес шешімдерін, құқықтық актілерді, университеттің ішкі тәртіп ережелерін; ректордың бұйрықтары мен өкімдерін; еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтарды; ережелерді; Ғылым департаментінің жұмыс жоспарларын; осы Ережені басшылыққа алады.

1.3 Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің қызметіне басшылықты ғылым және инновациялар жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен тағайындалатын директор жүзеге асырады.

1.4 Департамент директоры лауазымына жоғары білімі, ғылыми дәрежесі, білім және ғылым саласында кемінде 3 (үш) жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік және орыс тілдерін меңгерген, сондай-ақ ағылшын тілін меңгерген (қалаулы) тұлға тағайындалады.

1.5 Департамент мамандары лауазымына жоғары білімі бар, білім және ғылым саласында кемінде 1 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілді меңгерген тұлғалар тағайындалады.

1.6 Ғылыми-зерттеу қызметі департаменті әрбір күнтізбелік жылға жасалатын жоспар бойынша қызмет атқарады.

1.7 Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің қызметіне институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми-зерттеу орталықтарының және ғылыми зертханалардың басшылары қатысады.

2 ҚҰРЫЛЫМ

2.1 Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің құрылымы мен штаттық санын университеттің әкімшілік-басқарушылық персоналының штаттық кестесіне сәйкес университет ректоры бекітеді.

3 МІНДЕТТЕР МЕН ФУНКЦИЯЛАР

3.1 Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің міндеттері:

3.1.1 Оқу және ғылыми үдерістердің бірлігін қамтамасыз ету, университеттің ғылыми және оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын үйлестіру;

3.1.2 Университеттің ғылыми және білім беру мекемелерімен және ұйымдарымен ғылыми байланыстарын орнату және қолдау;

3.1.3 Университеттің ғылыми жетістіктерін ілгерілету мақсатында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, соның ішінде «Ғылым айы», ғылыми көрмелер, форумдар, конференциялар мен семинарлар;

3.1.4 Білім алушы жастарды ғылыми шығармашылық пен инновациялық қызметке тарту, студенттік ғылыми қоғамдарды және жас ғалымдар кеңесін дамыту;

3.1.5 Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және сүйемелдеу, оның ішінде дипломдық жобалардың, магистрлік және докторлық диссертациялардың тақырыптарын бекіту, ғылыми жетекшілер мен рецензенттерді тағайындау, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметін реттейтін бұйрықтарды шығару;

3.1.6 Магистратура мен докторантура білім алушыларының ғылыми-зерттеу тағылымдамаларын ұйымдастыру және үйлестіру;

3.1.7 Негізгі және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулер, сондай-ақ коммерцияландыру, шаруашылық шарттық және халықаралық жобалар конкурстарына қатысу үшін өтінімдерді әзірлеу және тапсыру барысында ақпараттық және кеңестік қолдау көрсету;

3.1.8 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, ғылыми жобаларды әкімшілік сүйемелдеу және іске асыру барысына мониторинг жүргізу;

3.1.9 Университеттің ғылыми қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамына импакт-факторлы журналдарда, рейтингтік басылымдарда, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК тізіміне енетін журналдарда жариялану мәселелері бойынша кеңес беру. Ғылыми журналдармен өзара іс-қимыл сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және бақылау;

3.1.10 «Қ. Жұбанов атындағы АРУ хабаршысы» ғылыми журналының қызметін үйлестіру және дамыту, оның ішінде редакциялық қызметті ұйымдастыру, рецензиялау үдерісін жүргізу, сарапшыларды тарту және журналды халықаралық ғылыми-метрикалық деректер базасына индекстеуді қамтамасыз ету;

3.1.11 Университеттің Қазақстан Республикасындағы ұлттық деңгейдегі беделін арттыру, сондай-ақ оны әлемдік білім беру және ғылыми қауымдастықта біріктіру және мойындату;

3.1.12 Университеттің жетекші ғылыми-білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық орталық ретіндегі беделін арттыруға жәрдемдесу;

3.1.13 Ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми зертханалардың, ғылыми орталықтардың және ғылыми-техникалық кеңестің (ҒТК) қызметін үйлестіру;

3.1.14 Өңірдің өзекті мәселелерін шешу үшін Ақтөбе облысының Ғылыми кеңесімен ынтымақтастық жұмысын ұйымдастыру, соның ішінде бірлескен зерттеулер жүргізу, инновациялық шешімдер әзірлеу және университеттің ғылыми әлеуетін аймақтық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға тарту.

3.2 Ғылыми-зерттеу қызметі департаментінің функциялары:

3.2.1 Университеттің ғылыми-зерттеу, ғылыми, ғылыми-практикалық және білім беру бөлімшелерінің (деканаттар, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми-зерттеу орталықтары, ғылыми зертханалар) ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және

бақылау;

3.2.2 Университет бөлімшелерінің ғылыми-зерттеу қызметі туралы есепке алу, бақылау және есептілік нысандарын әзірлеу;

3.2.3 Университеттің ғылыми жетістіктерін ілгерілетуге бағытталған халықаралық, республикалық, өңірлік және университетішілік ғылыми конференциялар, форумдар, симпозиумдар, семинарлар, ғылыми көрмелер мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

3.2.4 Университеттің жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми қоғамының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру, олардың ғылыми қызметін дамытуға және университеттің ғылыми жұмысына белсенді қатысуына бағытталған іс-шараларды өткізу;

3.2.5 Ғылыми-зерттеу тәжірибелері мен тағылымдамаларды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару, сондай-ақ ғылыми және білім беру орталықтарында тағылымдамалардан өтуге жәрдемдесу;

3.2.6 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді кадрлық, материалдық-техникалық, нормативтік-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

3.2.7 Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі бойынша ғылыми-техникалық құжаттаманы есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету және уақытылы мұрағатқа өткізу;

3.2.8 Ғылыми жобаларға мемлекеттік және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінімдерді әзірлеу кезінде ақпараттық, кеңестік және әдістемелік қолдау көрсету, сондай-ақ мемлекеттік бюджет тақырыптары (гранттар) және шарттық ғылыми-зерттеу жұмыстарын рәсімдеу бойынша көмек көрсету;

3.2.9 Ғылыми жобаларды қалыптастыру, әкімшілік сүйемелдеу және іске асырылуына мониторинг жүргізу, оның ішінде оларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

3.2.10 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын орындауды бақылауды ұйымдастыру;

3.2.11 Университет бөлімшелерінің ғылыми және ғылыми-зерттеу қызметі бойынша аккредитациялық көрсеткіштердің орындалуына мониторинг жүргізу;

3.2.12 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми-зерттеу қызметі туралы есептер мен талдамалық анықтамалар дайындау, университет қызметінің ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі мәселелері бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау;

3.2.13 Университеттің ғылыми көрсеткіштерін Ұлттық ЖОО рейтингінде, QS университеттер рейтингінде және университеттің даму индикаторлары бойынша мониторинг жүргізу және енгізу. Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін дамыту есебінен осы рейтингтердегі орнын жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

3.2.14 Университеттің Ғылыми кеңесі, факультет кеңестері отырыстарына қатысу, онда университеттің ғылыми қызметі мәселелері қарастырылады;

3.2.15 Университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің (ҒТК) қызметін бақылау;

3.2.16 Ақтөбе облысының Ғылыми кеңесімен ынтымақтастықты үйлестіру.

4 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен өз құзыретіне жататын қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты (жоспарлар, есептер, ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша материалдар) сұратуға және талап етуге;

4.2 Бөлінген өкілеттіктер аясында және ғылым және инновациялар жөніндегі проректормен келісу арқылы өзінің қызметі мәселелері бойынша басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

4.3 Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау арқылы

университетте және оның шегінен тыс өтетін ғылыми іс-шараларға студенттерді, магистранттарды, кафедра оқытушыларын белгіленген тәртіппен қатыстыруға, сондай-ақ оларды университеттің ішкі тәртіп ережелерінде көзделген көтермелеу мен жазалауға ұсынуға;

4.4 Университеттің Ғылыми кеңесіне университеттің ғылыми-зерттеу жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4.5 Белгіленген тәртіпте университеттің кітапхана және ақпараттық қорларын, сондай-ақ оқу-әдістемелік, медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;

4.6 Белінген өкілеттіктер, қолданыстағы заңнама, осы Ереже және университет Жарғысы аясында өзге де мәселелерді шешуге;

4.7 Лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзге де құқықтарға ие болуға.

5 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1 Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдеріне, университеттің ішкі тәртіп ережелеріне және осы Ережеге сәйкес қызмет атқару;

5.2 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

5.3 Департаменттің құжаттамасын есепке алу, сақтау, жүргізу және пайдалану, департамент құжаттарында қамтылған мәліметтердің құпиялылығын сақтау, белгіленген тәртіппен істер номенклатурасын жүргізу;

5.4 Департаменттің жылдық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу және белгіленген тәртіппен ұсыну;

5.5 Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдерін, университет ректорының бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

5.6 Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ҚР жоғары оқу орындарымен, жақын және алыс шетелдердің оқу орындарымен, білім беру органдарымен байланыс орнату;

5.7 Өздеріне жүктелген міндеттер мен функцияларды сапалы әрі толық көлемде орындау.

6 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

Ғылым және инновациялар департаменті өз функцияларын орындау және құқықтарын жүзеге асыру үшін өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

6.1 Университеттің институттарымен, деканаттарымен, ҒЗИ, ҒЗЛ, ҒО, кафедраларымен – ғылыми-зерттеу қызметі туралы ақпаратты беру және алу мәселелері бойынша;

6.2 Департаменттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен;

6.3 Ғылым департаментінің функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және өзге де мамандардан сұрауға.

7 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Ғылыми-зерттеу қызметі департаменті жауап береді:

7.1 Университет Жарғысында, қолданыстағы құқықтық актілерде және осы Ережеде көзделген функциялар мен міндеттердің тиісті орындалуына;

7.2 Департамент қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықтардың талаптарына, университеттің ішкі тәртіп ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор

Р.А. Бекназаров

Заң департаментінің директоры

Л.Б. Алиманова

HR және құжаттық қамтамасыз ету
департаментінің директоры

Е.С. Тастанкулов

HR және құжаттық қамтамасыз ету
департаментінің директорының орынбасары

Л.С. Есеналина